



**БАТЫС ФИЛОСОФИЯСЫНЫҢ ЖАҢА
ТАРИХЫ, 3-ТОМ.
ҚАЗІРГІ ЗАМАН ФИЛОСОФИЯСЫНЫҢ
БАСТАУЫ**

Лейбниц



Готфрид Вильгельм Лейбниц XVII ғасыр мен XVIII ғасырдың тоғысында өмір сүрді. Жетпіс жыл өмірінің елу төрт жылы XVII ғасырда өтсе де, Лейбництің негізгі философиялық еңбектері XVIII ғасырда жазылып, жария болды. Шындығында, философтың маңызды мәтіндерінің көбі ол бақилық болғаннан кейін бірталай жыл өткен соң жарық көрді. Лейбницті белгілі бір жүйемен жазған автор дей алмаймыз. Сондықтан философия тарихшылары қысқаша кітапшалардан, кездейсоқ бөлімдерден және үзік мақалалардан Лейбництің ретті де көлемді жүйесін жасап шығуға тырысып бақты. Бірақ оның зерделік қуаты ешқашан күмән туғызған емес, кейінгі философтардың көбі өздерінің оған қарыздар екенін мойындады.

Лейбниц Лейпцигтегі философия профессорының баласы еді, әкесі 1652 жылы, ұлы алты жасқа келгенде қайтыс болды. Лейбниц балалық шағының басым уақытын әкесінен қалған кітапханада өткізіп, кітапқа қызығуды қаршадай кезінен ерте бастап, тым құныға да құмарлана оқыды. Саналы ғұмырында ол өзімен тұрғылас өмір сүрген философтардың арасында ең көп оқылған ойшыл ретінде танылды. Оның қызығушылығы әдебиет, тарих, заң ғылымы, математика, физика, химия және теология салаларын кеңінен қамтыды. Алайда он үш жасынан бастап логика мен философия басым бола бастады. Ол жасөспірім кезінде-ақ Суарес шығармаларының роман сияқты жеңіл оқылатынын байқап, сейіл-серуен кезінде өз санасында аристотелизм мен картезиандықтың бәсекелес жағымды жақтарын салыстыра жүретін.

Лейбниц 1661 жылы Лейпциг университетіне оқуға түсті. 1663 жылы индивидуалдау принципі бойынша схоластикалық диссертациясы үшін бакалавр дипломын алып, әуелі математиканы оқу үшін Йенаға, кейін құқықты зерттеу үшін Альтдорфқа қоныс аударды. Оларға қосымша ретінде 19 жасында «Комбинаторлық өнер туралы» атты шағын логикалық трактатын жариялады. Онда Аристотельдің қалыпты силлогистикасына кейбір түзетулер енгізіп, дамытып, геометриялық ұғымдарды арифметикалық таңбалар арқылы бейнелеуді ұсынды. Ол өзінің күрделі терминдерді қарапайым терминдермен ауыстыру әдісін жаңалық ашудың дедуктивтік логикасына алып келеді деп үміттенді, бұл осыған дейін логиктер шеше алмаған мәселе еді.

Лейбниц «Заңдағы күрделі істер» тақырыбында диссертация жазып, 1667 жылы Альтдорфта докторлық дәрежеге ие болды. Оған әжептәуір лауазымдық орын ұсынылды, бірақ ол өз мансабын сарай қызметкері және дипломат ретінде жалғастыруды жөн көрді. Ол Қасиетті Рим империясы сайлау алқасы мүшелерінің бірі архиепископ Майнцтың қарамағына қызметке тұрды. Лейбниц неміс заңнамасын рационалдау бойынша ұсыныстары мен Заң ғылымын оқытудың жаңа әдісі сияқты академиялық жарияланымдарын архиепископқа арнады. Архиепископтың өтініші бойынша ол XVIII ғасырда схоластикалық философияны айыптап жазылған, кейін ұмыт болған трактатты қайта басып шығарды, бірақ оны өзінің Аристотельді Декарттың шабуылдарынан қорғаған тұжырымдарымен толықтырды. Католик сарайының протестанты ретінде ол экумендік сипаттағы бірнеше діни еңбектерін жазды. Оларда барлық христиан конфессияларын біріктіруге бағытталған доктриналарға басты назар аударды.

1672 жылы Лейбниц XIV Людовикті Мысырға крест жорығын бастап баруға көндіру үшін Парижге аттанды. Оның сапары дипломатиялық тұрғыдан алғанда сәтсіз болғанымен, философиялық жағынан жемісті болды. Ол Арнольдпен және Мальбраншпен кездесіп, Декарт пен Гассендидің еңбектерін аса зейін қойып оқи бастады. Ол аз уақыт Гассендидің атомизмімен және материализмімен әуестенді, бірақ кейін осы ісіне өкінді. «Жас кезімде атомдар мен вакуумның қақпанына мен де түстім, бірақ ақыл-ойымның арқасында есімді тез жидым, – деп жазды Лейбниц 1716 жылы.

Келесі жылы Лондонға жасаған дипломатиялық сапары барысында Лейбниц Бойльмен және Ольденбургпен танысты. Ол Король қоғамының басқа мүшелеріне есептеуіш машинаның үлгісін көрсетті. Қатты таңғалған олар Лейбницті өздерінің қатарына қосты. Германияға қайтар жолда ол Амстердамдағы Спинозаға соғып, оның «Этикасын» қолжазба түрінде оқып шықты да, маңызды ескертпелер жазды. Алайда «Этика» жарық көрген соң Спинозаға жаппай шабуыл жасалып, ауыр сөздер айтылғанда, Лейбниц бұрынғы достығын сақтап қалды.

1676 жылдан өмірден өткенге дейін Лейбниц Ганновер билеушілерінің сарайларында жұмыс істеді, кітапханашыдан бастап, тау инженеріне дейін талай қызмет атқарды. Ол Майнцпен бірге қолға алған экумендік бастамаларын қайта жаңғыртып, конфессия аралық христиандық апологетика бағытындағы кітаптарын жазуды бастады, оның барысында



Арнольдтың кеңестеріне, Ватиканның қолдауына сүйенді. 1677 жылы лақап атпен жариялаған кітабында ол «Еуропаның христиан мемлекеттері тұтас достастықтан тұрады, император – оның зайырлы басшысы, ал папа – рухани жетекшісі» деп атап көрсетті.

Бұл экумендік жоба оны қаржыландырған герцог 1680 жылы дүниеден өткен соң тоқтап қалды. Лейбництің жаңа қожайыны Брауншвейгтік Эрнст Август еді. Оның әйелі София – король I Джеймс пен Декарттың әпкесі Элизабет ханымның немересі болатын. Эрнст Август философқа Германия, Австрия және Италия мұрағаттарын ақтарып, өзінің герцог әулетінің тарихын жазуды тапсырды. Лейбниц бұл тапсырмаға аса маңыз беріп, аймақтың тарихын ең ежелгі дәуірге дейін зерттеді. Еңбектің ол өмірден өткен соң аяқталған бөлігі генеалогиядан гөрі Саксонияның жер қыртысы мен минералдарын сипаттайтын геологиялық туындыға көбірек ұқсап кетті.

1685 жылдың қысында Лейбниц өз шығармаларының бірінші бөлігін – «Метафизика туралы пайымды» жазды, ол кейін өте танымал шығармаға айналды. Жазған бойда-ақ ойшыл бұл еңбегі туралы мәліметтерді Арнольдке жіберді, бірақ ол сәлемдемені салқындау қарсы алды; он жыл ішінде сол деректердің бірде-бірін жарияламауы, бәлкім, содан шығар. Лейбниц мұны толыққанды философиялық ұстанымының алғашқы көрінісі деп қарастырды. Қысқа да айқын жазылған бұл еңбек әлі күнге оның философиялық жүйесі туралы ең үздік кіріспе саналады және доктринасының көптеген сипаттамаларын қамтиды.

Ол сипаттамалардың ең біріншісі – біз мүмкін дүниелердің ең үздігінде өмір сүріп жатырмыз, бұл дүниені Құдай еркін таңдаған, ол әрқашан белгілі бір ретпен және себепке сай әрекет етеді. Құдай, Спиноза ойлағандай, жалғыз субстанция емес: адам баласы жасаған басқа негіздер де бар. Әр адамның өмірінде талай предикат-мәлімет кездеседі, олардың жиынтығы тұлғаны субстанция ретінде анықтайды. Осындай әр субстанция «ғаламды өзінше бейнелейді», дүниені белгілі бір көзқарас тұрғысынан қалыптастырады. Адамдар – сондай субстанция: олардың әрекеттері шартты, қажетсіз және ерік еркіндігіне тәуелді. Біздің таңдауымыздың себептері бар, бірақ сол себептердің қажеттілігі жоқ. Жасалған субстанциялар басқаларға тікелей әсер етпейді, бірақ Құдай бәрін бір субстанцияда болып жатқан жайт қалғандарында қалыптасатын жағдайға сай келетіндей етіп жасаған, яғни әр субстанция Құдайдан басқаның кез келгеніне тәуелсіз оқшау дүниеге ұқсас.

Адамның ақыл-ойында түп-тегінен бастап барлық заттардың идеялары бар; біздің жанымызға әсер ете алатын Құдайдан басқа сыртқы объект жоқ. Алайда біздің идеяларымыз – Құдайдың идеялары емес, өзіміздікі. Дәл осы пікірді біздің еркімізге қатысты да айтуға болады, оны Құдай мәжбүрлемей-ақ бағындырады. Құдай біздің болмысымызды үнемі сақтайды, алайда ойымыздың ағыны ретсіз және еркін. Жан мен тән өзара әрекеттеспейді, алайда ойлар мен денедегі құбылыстар бір-бірімен байланысты, себебі олар Құдайдың сүюші Аянымен үнемі қарым-қатынаста. Құдай ғаламдағы қымбат дүние саналатын жан атаулыны толық өзіндік санада мәңгілік өмір сүретін етіп жаратқан; сонымен қатар өзін сүйетіндерге ол адам сенгісіз бақыт сыйлады.

Осы қысқаша түйіндемеден Лейбниц «Пайымының» Аристотель метафизикасымен және дәстүрлі христиандықпен үйлесіп тұрғаны, сонымен қатар, онда кейінгі континенттік философтардың мұқият жетілдірілген, өзара байланыстырылған элементтері қамтылғаны көрініп тұр. Оның негізгі идеялары 1695 жылғы ғылыми журналда «Табиғаттың жаңа жүйесі және субстанциялардың өзара әсері» деген тақырыппен жарияланды. Өзін ашық сынаған ғалымдардың ойын Лейбниц батыл теріске шығарып, лайықты жауап берді. 1698 жылы ол басқа бір мақаланы – «Табиғаттың өзі туралы» мақаласын жазуды жалғастырып, өз жүйесінің Декарт, Мальбранш және Спиноза жүйелерінен айырмашылығын айқын көрсетті. Лейбництің өзі олардың жүйелерінің синтезін жасаған болатын.

Католиктер мен протестанттарды біріктіруді жүзеге асыра алмаған Лейбниц 1686 жылы әртүрлі конфессия арасындағы ортақ тұғырнамалар баяндалған «Теология жүйесі» еңбегінің жазылғанына қарамастан өзінің алдына жеңілірек мақсат – кальвиндік протестанттар мен лютерандық протестанттардың арасын татуластыруға қол жеткізу міндетін қойды. Бұл да оның дәлелдеу және нандыру мүмкіндігінен жоғары тұрған жайт еді. Сонымен қатар христиан мемлекеттерінің еуропалық конфедерациясы туралы ғаламат жобасы да болды, оның бұл жобаға француз XIV Людовик пен ресейлік Ұлы Петрді қызықтыруға тырысуы бос әурешілік



болып шықты. Алайда оның экуменизмге құштарлығы азаймады, өмірінің соңғы жылында ол католик христиандығы мен дәстүрлі сенімдердің, сондай-ақ қытайлық конфуцийшілдер рәсімдерінің арасында үйлесім табуға тырысқан иезуиттерді қолдады. Лейбниц өле-өлгенше протестант болып қала берді, алайда ара-тұра тәспі ұстайтын, мұнысы оны бірде Адриат аяқасы кезіндегі дауылда кемеңіз жақтауынан дінбұзар Иона сияқты лақтырылудан сақтап қалды.

«Адам парасаты туралы тәжірибе» еңбегінде Локктың туа бітті идеялардан бас тартуы Лейбництің эмпиризмге ұдайы шабуыл жасауына түрткі болды. Ол 1704 жылы шығармасын аяқтады, алайда Локк сол жылы дүние салғандықтан, Лейбниц оны жарияламауды ұйғарды. Бұл туынды автордың өлімінен елу жылдан соң «Адам парасаты туралы жаңа тәжірибе» деген атпен жарық көрді. Лейбництің көзі тірісінде жарияланған ең ауқымды шығармасы – бұл «Теодицея туралы эссе». Ол Құдайдың әділеттілігін дүниедегі зұлымдықтың алдында ақтау мақсатында жазылып, Пруссия патшайымы Шарлоттаға арналды. «Теодицея» – псевдо-грекше сөз, ол Құдайдың істерін адамның алдында ақтау үшін ойлап табылған. Кітапта, сыртқы көріністерге қарамастан, біз шынында да мүмкін дүниелердің арасындағы ең жақсысында өмір сүріп отырмыз деген ой тұжырымдалады. Оның жолдауын Александр Поуп өзінің «Адам туралы эссесінде» жеткізді.

Поуптың қаламынан бұл жыр 1734 жылы туды. Ширек ғасырдан соң Лиссабондағы жер сілкінісінен кейінгі мұндай оптимизмге таңғалып, жауап ретінде «Кандид» сатирасын жазды. Бұл романда Лейбництің Панглосс докторы азаптар мен зілзалаларға: «Мүмкін дүниелердің ең жақсысында болып жатқанның бәрі жақсылық үшін», – деп жауап береді. Кандидтің жауабы: «Ең жақсысы осы болса, басқалары қандай болмақ?».

1714 жылы Лейбництің екі маңызды қысқаша трактаты жарыққа шықты: «Монадология» және «Табиғат пен рақым принциптері». «Монадология» жүйенің дамыған және мұқият өңделген формасының «Метафизика туралы пайымда» сипатталуын қарастырады. «Күрделінің бәрі, – дейді ол, – қарапайымнан тұрады, ал қарапайымның бәрі – созылмаған, себебі ол кеңейетін болса, әрі қарай бөліне берер еді». Алайда материалды нәрсенің бәрі созылып, кеңейеді, сондықтан қарапайым бейматериалдық элементтер болуы тиіс. Мәнге ұқсас бұл жандарды Лейбниц монадалар деп атады, «Пайымда» олар «әлемнің бөлшектері» делінеді. Спиноза «бір ғана субстанция өмір сүреді, ол ақыл-ойға да, созылып-кеңеюге де ие» десе, Лейбниц «тек қана жанға ие өте көп субстанция өмір сүреді» дейді.

Мальбранш секілді, Лейбниц те тіршілік етушілерге басқа тіршілік иелері себепті әсер ете алады дегенді терістеді. «Монадалардың, – дейді ол, – олар арқылы бірдеңе кіретін немесе шығатын терезелері жоқ». Олардың өмірі – менталдық күйлер мен қабылдаулардың тізбегі, алайда оларды сыртқы дүние туындатпайды. Монада дүние оған нұрын төккеннен емес, Құдай оны өзге әлеммен бірдей өзгеретін етіп жаратқандықтан ғана дүниені бейнелейді. Жақсы сағат шебері екеуі өмір бойы бір сәтте бірдей соғатын мінсіз уақытқа бағдарланған екі сағат жасай алады. Өзі жаратқандардың бәріне қатысты алғанда, Құдай – осындай сағат шебері: заттардың түпнегізінде ол ғаламның үйлесімін алдын ала жоспарлап, орнатып қойды.

Лейбниц «Монадологиясын» жазған жылы Ұлыбритания патшайымы Анна дүние салды. Тақ мұрагерлігі туралы 1701 жылғы Британия Акті Ганновер сайлау алқасының мүшесі Софидің мұрагерлерінің таққа отыру құқын бекітті де, оның ұлы курфюрст Георг Людвиг Англия королі I Георг болды. Лейбниц қожайынының соңынан Лондонға аттанбай, Ганноверде қалды. Англия оны шексіз аздар қисабы теориясының авторлығына қатысты Ньютонмен арадағы жанжалдың кесірінен елге кіргізбей қоюы да мүмкін еді. Бұл дау-дамайға Король қоғамы араласып, 1712 жылы осы теория бойынша тартысты Ньютонның пайдасына шешті.

Лейбниц соңында көптеген жарияланбаған еңбектері мен аяқталмаған жобаларын қалдырып, 1716 жылы өмірден озды. Осындай туындыларының арасындағы ең мықтысы – адам білімінің толық энциклопедиясы еді. Бұл – бенедиктшілдер мен иезуитшілдер секілді діни ордендермен, сонымен қатар, жақында құрылған Король қоғамымен, Париждегі Ғылым академиясымен және Лейбниц өзі бірінші президенті болған Пруссия академиясымен бірлесе жасалған жұмыс болатын. Жобадан ештеңе шықпады, қазір Лейбництің еңбектерін толық жариялауды 1923 жылы бастаған Германия академиясы бағдарламаның жартысына да жете алмай отыр.



Бұл экумендік жоба оны қаржыландырған герцог 1680 жылы дүниеден өткен соң тоқтап қалды. Лейбництің жаңа қожайыны Брауншвейгтік Эрнст Август еді. Оның әйелі София – король I Джеймс пен Декарттың әпкесі Элизабет ханымның немересі болатын. Эрнст Август философқа Германия, Австрия және Италия мұрағаттарын ақтарып, өзінің герцог әулетінің тарихын жазуды тапсырды. Лейбниц бұл тапсырмаға аса маңыз беріп, аймақтың тарихын ең ежелгі дәуірге дейін зерттеді. Еңбектің ол өмірден өткен соң аяқталған бөлігі генеалогиядан гөрі Саксонияның жер қыртысы мен минералдарын сипаттайтын геологиялық туындыға көбірек ұқсап кетті.

Лейбницті алдында өткен философтардың (Декарт, Спиноза) болмыс жөніндегі ілімдері қанағаттандырмайды. Расында да, Декарттың екі бір-біріне тәуелсіз субстанциялары дүниені қақ бөліп, олардың бірегейлігін дәлелдеу үшін ол Құдай идеясын енгізуге мәжбүр болды. Ал Спинозаға келсек, ол бір ғана субстанцияны мойындағанымен, оның екі атрибуты – созылу мен ойлау бұрынғысынша бір-бірінен тәуелсіз болып қала берді. Бұл екі ұлы философ дүниенің шексіз әртүрлілігін өздерінің онтологиясында дұрыс түсіндіре алмады.

Олай болса, Лейбництің қойған негізгі мақсаты түбі бір, сонымен қатар шексіз әртүрлі субстанцияларды табу қажеттілігінде болды.

Лейбництің ойынша, жалғыз ғана субстанциядан қайталанбайтын шексіз әртүрлі заттар пайда болуы мүмкін емес, сондықтан сапалы көптүрлі субстанция ұғымын мойындау қажет. Болмыстың терең табиғатының өзі көпсапалықтан тұруы керек. Сондықтан дүниедегі субстанциялардың саны шексіз және сапа жағынан әртүрлі. Бірақ олар бытыраған (хаос) емес, белгілі бір тәртіпке келіп жүйеленген.

Мұндай ой-өрісі Лейбницті дүниенің негізінде жатқан өте ұсақ, өз-өзіне жеткілікті, іштей неше түрлі күштерге толы монадаларды (monos – грек сөзі, бір) мойындауға әкелді.

Монадалар, негізінен алғанда, физикалық ұсақ бөлшектер емес, онда ол Демокриттің атомына ұқсас болар еді. Олар кеңістікте ешқандай орын алмайды, оның заттық өлшемі жоқ. Монадалар – рухани-жандық, органикалық сапалы нүктелер, әрбіреуі тек өзіне тән даму сатысында. Өзіне ғана тән ерекшеліктері бар, бір-бірін қайталамайтын тұлғалар сияқты, монадалар да әртүрлі. Олардың бір-біріне ұқсастығы – тек қана олардың бөлінбейтіндігі мен мәңгілігінде.

Сөзсіз, мұндай ойларға Лейбницті Левенгуктың микроскоп жасап, адам ұрықтарын үлкейтіп көрсетуі себеп болса керек.

Лейбництің монадалары іс-әрекетке толы, олардың әрбіреуі мәңгілік өзгеру, жетілу толқынында. Монадалар рухани нүкте болғаннан кейін әртүрлі ішкі күштерге толы, олар өздерін шындыққа айналдыру жолында материалдық өмірді, физикалық процестерді тудырады.

Монадаларды жете түсіну үшін ойшыл адамдардың өмірімен оларды салыстырады, өйткені адамның жан дүниесінің өзі әртүрлі монадалардан тұрады. Мысалы, әрбір тұлға өзінің өмірінің шеңберінде өне бойы өзгергенмен, бірақ сол тұлға болып қалады, монадалар да сол сияқты.

Адамдар бір-біріне ұқсамағанмен, қоғамда әртүрлі топтарға бөлініп өмір сүреді, монадалар да сол сияқты...

Әрбір монада – өзінше жабық ғарыш. Лейбниц: «Монадалардың әйнегі жоқ, сондықтан еш нәрсе оған кіріп, еш нәрсе одан шыға алмайды», – дейді. Монада басқа монадаларға өзінің әсерін тигізе алмайды, басқалардан да әсер ала алмайды. Олардың әрбіреуі – өз-өзіне жеткілікті және өзін-өзі шектеген.

Бұл арада өте қиын сұрақ туады. Егер олар бір-біріне өз әсерін тигізе алмаса, онда Дүние бытырап, тәртібі жоқ тұңғыық болып кетпей ме? Лейбництің ойынша, бізді қоршаған Ғарыш, Дүние – болуы мүмкін дүниелердің ең тамашасы, ондағы монадалар жүйеге келтірілген, үйлесімді түрде өмір сүреді, өйткені олар алдын ала орнатылған сәйкестіктің негізінде өмір сүреді.

Дүниеде алдын ала сәйкестік орнату мәселесі Лейбництің Теодицея деген ұғымымен беріледі.

Монаданың ішкі өзгеру даму сатысын көрсету үшін Лейбниц тағы да оны адамның жан дүниесімен салыстырады. Түйсіктер, аңдау, қабылдау, өзіндік сана – бұл рухани даму сатылары. Монадалар адамдар сияқты осындай сатылардан өтеді.



Ең төменгі дәрежедегі монадалар, негізінен, тау-тас, жер, шөптерден тұрады. Олардың рухани дамуы өте төмен, олар «түс көрмей ұйықтайды».

Екінші сатыдағы монадалардың түйсіктері, аңдаулық қасиеттері бар. Олардың сана-сезімі әлі көмескі, іс-әрекеттері әлі енжар болып келеді. Оларға, негізінен, жануарларды жатқызуға болады.

Үшінші бізге белгілі монадалар – адамдардың жан дүниесі. Бұл монадалардың есі, ойлау қасиеті, өзіндік сана-сезімі бар.

Төменгі дәрежедегі монадалар жоғарылауға, келесі сатыға өтуге тырысады. Адамның жан дүниесін құрайтын монадалардың өзі енжарлық сезімдіктен, ғылыми ұғымдар мен фантастикалық қиялдарға дейін өрбиді. Жоғарғы сатыдағы монадада төменгі сатылар сақталады.

Олай болса, монадалар дамуының ең «соңғы» сатысы қандай болмақ және олар қаншалықты адамның рухынан кашықтықта?

Лейбниц бұл сұрақтарға жауап беру мүмкін емес деген пікір айтады, өйткені жоғары дәрежедегі монадаларды төмендегілер танып-біле алмайды. Бірақ күмәнсіз бір нәрсе бар – Ғарышта жердегі адамдардан да жоғары дамыған тіршілік болуы мүмкін.

Жалпы алғанда, монадалардың даму мүмкіндіктері шексіз. Ал шексіздіктің шеңбері жоқ, бірақ шексіздіктің өзін шеңбер ретінде қарасақ, онда біз Құдай идеясына келіп тірелеміз. Ол – шегіне жетіп, жетілген монада.

Бұл идеялардың негізінде Лейбниц қоғам өмірін жақсартуға да бірте-бірте реформалар арқылы жетуге болады деген пікір айтады. Ал қайсыбір революция, негізделмеген терең төңкеріс қоғамды көп зардапқа әкелуі мүмкін. Әрине, Лейбництің бұл идеясында терең сыр жатыр, оны біз өзіміздің қоғамды жаңарту барысында есте сақтауымыз қажет.

Лейбниц танымның терең негізін сезімнен тыс өмір сүретін зердеден көреді, яғни ол Декарттың танымға деген көзқарасы қолдайды. Бірақ Декарттың зерделік «айқын және анық ақиқатын» Лейбниц қанағаттанбайды. Оның ойынша, алғашқы ақиқаттар қисынның «тептендік заңына» сәйкес келуі қажет. Содан кейін «қайшылық заңы» арқылы зерделік білімді тереңдетуге болады. Бұл – қажетті ақиқаттар, – оларды, негізінен, математика саласын табуға болады, – дейді ұлы ойшыл.

Әрине, бұған қарамастан, біз өмірден алған адамдардың тәжірибелерін де бағалап, пайдалануымыз керек. Бірақ қайсыбір тәжірибе – ол кездейсоқтықтың туындысы. Ол болуы да, болмауы да мүмкін. Ол нақтылы деректер ақиқаты – әрқашанда жеткіліксіз кездейсоқтық.

Оларды ғылыми тұрғыдан сараптауға болады, ол үшін біз «жеткілікті негіздеу заңына» сүйенуіміз керек, өйткені қайсыбір деректің, құбылыстың себебі, негізі бар. Сол негізді анықтау бізді белгілі бір табиғат заңдылықтарына әкелуіге тиіс. Дегенмен тәжірибелік білім бізді тек қана әртүрлі деңгейдегі ықтималдық, болу мүмкін нәрселерге ғана жеткізеді.

Егер жан дүние арқылы біз түйсіктерге (перцепция) сәйкес қабылдау дәрежесіне көтерілсек, рух арқылы біз өзіміздің танымдық мүмкіндіктерімізді талдай аламыз. Ақырында, өзімізді өзіміз тану дәрежесіне көтерілеміз. Осындай адамның өзінің ішкі рухани өміріне тереңдеуін Лейбниц апперцепция дейді.

Апперцепция – адамның дүниетануының шыңы, сананың белсенді қызметін көрсетеді. Егер танымдағы сенсуализм бағыты адамның білімі айнала қоршаған ортадан әрқашанда кем деп есептесе, Лейбниц, керісінше, адамның ішкі рухани білімі басым деген пікір айтады. Олай болса, Лейбниц сезімдік танымды толығынан ақыл-ойдан бөліп алып, анағұрлым төмен дәрежеде бағалады. «Өзімізді ойлау арқылы болмысты, субстанцияны, тұрпайылық пен күрделілікті, бейзаттық пен Құдайды ойлай аламыз», – деп қорытады ұлы ойшыл. Мұндай көзқарас, шамасы, болашақ И. Канттың танымдық теориясына зор әсер етсе керек.